

Айшакуль Байболдиева
Құралай Оспанова
Алия Оспанова

ТАБИҒАТ СЫЙЫ



Алматы 2014

УДК 745/749 (084)
ББК 85.12 я 6
Б17

Айшақұл Байболдиева, Құралай Оспанова, Алия Оспанова
Б17 «Табиғат сыйы». – Алматы, 2014ж. 110 б.

ISBN 978-601-06-2590-7

Айналаға көз жіберіп қарасаңыз, өсімдіктің неше мың сан түрі жайқала көздің жауын алып, жер дүниені гүлдендіріп, қаншалықты тамаша көрік, шырай беріп тұр десенізші?

Ендеше, бұл бізге табиғат ананың сыйлап отырған өлшеусіз керемет байлығы. Міне, осындай байлықты, көз тоймас тамаша көріністерді, қайталанбас әдемі сұлулықты ою-өрнекте қолданып отырмыз. Бұл альбомда қазақтың қолданбанбалы өнерінің маңызды салаларының бірі ою - өрнектің ежелден сақталған үлгілеріне негізделген жаңа уақыт талабына сай жарық көрген туындылары топталып отыр. Қолдарыңыздағы альбомда жас суретшілердің ізденісінің арқасында, дүниеге келген жасыл желек әлеміндегі ою-өрнектердің тың үлгілері ұсынылады.

Пікір жазған:

Т.А. Кенесбаев. ҚСРО Суретшілер одағының және Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі.

Барлық құқы қорғалған.

Кітапті бүтіндей, иә болмаса оның бөлімдерін ешқандай құралдармен (электрондық, механикалық әдіспен көшіру, суреткетүсіру арқылы) автордың рұқсатынсыз шығаруға болмайды.

УДК 745/749 (084)
ББК 85.12 я 6

ISBN 978-601-06-2590-7

© Байболдиева А.Б.,
Оспанова Қ.Х.,
Оспанова А.Х., 2014

ТАБИҒАТ СЫЙЫ

Табиғат ана өсімдіктерге өте бай. Айналаға көз жіберіп қарасаңыз, өсімдіктің неше мың сан түрі жайқала көздің жауын алып, жер дүниені гүлдендіріп, қаншалықты тамаша көрік, шырай беріп тұр десенізші? Зады, өсімдік атаулының адамзатқа берер пайдасы орасан зор. Жесен – тамақ, кисен – киім, қолдансаң – құрал, жасасаң – бұйым. Таңдайынды жібітер, шөлінді қандырар – сусын, ексең – егін, тамақтансаң – қорек. Емделсең – дәрумен. Демалып тынықсаң, ауасы денсаулығыңа – дауа, жанға – шипа, әрі сая. Ендеше, бұл бізге табиғат ананың сыйлап отырған өлшеусіз керемет байлығы. Міне, осындай байлықты, көз тоймас тамаша көріністерді, қайталанбас әдемі сұлулықты ою-өрнекте неге қолданбасқа?

Мені өнерге қызықтырып, баулыған анам Қыздығой Борықпайқызы еді. Ол кісі 1925 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Қайыршақты ауылында туып өскен. Руы – Құттық. Шешейден кейінгі балалары сағындырып, күттіріп, араға біраз жыл салып келген соң, әкесі қызын ұлдың орнына жұмсап өсірген. Шөп шабу, жинау, малға қарау, оның азығын дайындау, бау-бақшаны өсіру анамның міндеті болса керек. Өзіне қолғабыс тигізіп жүрген қызына әкесі емдік қасиеті бар шөп түрлерін, олардың атауларын көрсетіп, үйреткені сонша, анам малды өздігінен емдей беретіндей дәрежеге жеткен. Ол кісі, әсіресе, төрт түлік малдың төресі – жылқыны өте жақсы көргендіктен, жануарды қалай бағып, күтудің қыр-сырын бір адамдай білетін еді. Оған қоса үйдің шаруасын тап-тұйнақтай орындайтын.

Біздің анамыз төрт қыз, алты ұл өсірген Батыр Ана да. Ұяда алған тәлім-тәрбиенің қыр-сыры ерекше ғой. Әсіресе, қыз балаға қажет ою-өрнектің жасалуын, қалай орналасуын, қандай өрнектер салу керектігін ұғындыруда анамның көп көмегі тиді. Шешейден: «Ою-өрнекке не салсам екен?» десем: «Жерге нәр берген көк емес пе? Өсіп тұрған шөптен ба-

стап, жеміс-жидекке дейін сала бер» деуші еді, жарықтық. Шынында да, кейбір шөптер гүл құсап, өзінің өрнегімен тармактанып өседі. Сол сияқты әр шөптің өз өрнегі бар. Әр талдың үш бұрышы өзіне сай болса керек. Егер олар табиғаттың заңдылығына бағынбаса, жапырақ жапырақтың, тал талдың үстіне өсіп шығар еді. Сондықтан, олар да бір заңдылыққа бағынса керек. Соның бәрін оюға салып өрнектеп, бір-біріне кесірін тигізбей, қайта әшекейлесен, әдемі үстіне әдемі бола түседі.

Өнер бізге нағашыларымыз жағынан келген. Нағашы әжем Ұмсынай Тұрманқызы Темір руынан. Төрт қыз, екі ұл өсірген аяулы ана 1893 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Қайыршақты ауылында туып өскен. Он саусағынан өнері тамған, шебер, іскер, әрі сөзге шешен кісі болған. Қазақтың ұлттық әдет-ғұрпын бойына жақсы сіңірген әжеміз теріні қамырдай илеп, неше түрлі тон, ішік, киімдерді өзі пішіп, өзі тігетін. Бүкіл ауыл адамдарына ақыл-кеңесін беріп, өнегелі жол көрсетіп отырған. Қазақтың жөн-жоралғысын, ізеттілігі мен сыпайылығын, ілтипаттылығы мен сыйластық қасиеттерін бір кісідей бойына сіңірген бекзат жан еді. Ұлттық тағамдарды да бабына келтіріп дайындап ғана қоймай, оны сақтаудың әдістерін жақсы меңгерген. Ұлттық педагогиканы бойына дарытып, оны өзгелерге үйретуден, кеңес беруден жалықпаған. Содан да шығар, нағашы туыстарымыз қол өнеріне ерекше мән беріп, көңіл бөлген. Өздері кілем, алаша, ши тоқып, тұзкиіз, текемет, тағы басқа тұрмысқа қажетті бұйымдардың бәрін қолмен жасаған. Осыған орай ою-өрнектердің де неше түрлі үлгілерін салып, өкінішке орай, оны қағазға түсіріп, кітап шығаруды, насихаттауды мақсат етпеген. Мен сол нағашыларымның ұшқыр қиялды еңбектерін одан әрі жандандырып, шебер қолдарынан шыққан дәстүрлі өнердегі ою-өрнекті дамытуды мақсат етіп, қолға алған жайым бар.

Бұл ретте Қазақстандағы өсетін өсімдіктерді зерттеп, олардың қазақша атауларын бір ізгі түсіріп, халыққа жеткізуде үлкен еңбек сіңірген белгілі ботаник ғалым-мамандар Ө.Қисықов, С.Арыстанғалиев, Е.Рамазанов, Т.Мұсақұловтарды атаған болар едім. Олар өз еңбектерінде қазақша өсімдік атауларын мольнаан камтуға және олардың тілімізде дұрыс қалыптасуы мен орысша баламаларына сай келуіне көп еңбек жасаған. Мәселен, ғалым Т.Мұсақұлов 742 өсімдік атауын жинақтаған. Бұл, әрине, Т.Мұсақұловтың көп жылғы қажымас еңбегінің жемісі екендігінде дау жоқ. Шынында да, өсімдіктердің халықтық атаулары өте көп және алуан түрлі. Олардың танымдық маңызы да зор. Т.Мұсақұловтың «Қазақша-орысша терминология сөздігі», «Биология терминдері» (Алматы, 1962 жыл) негізінен бұл саладағы алғашқы сөздіктер. Лингвистикалық тұрғыдан да танымды, осынау мехнаты көп, қиын да қызықты шаруаны, яғни, өсімдіктердің қазақша атауларын жинау мен зерттеу әлі де ботаниктердің еншісінде. Жалпы елімізде емдік өсімдіктердің 3 мыңдай жиынтығы бар. Дүние жүзінде жер бетінде көгеріп өсетін өсімдіктердің барлық санын дөп басып айту өте қиын. Десек те, шамамен 70 мыңдай түрі бар деген болжам айтылды. Оның 2800-інің нағыз халықтық атаулары дәлелденіп, толық анықталғандар.

Өсімдік атауларына байланысты айтылатын қазақтың сөздік қоры өзге халықтарға қарағанда өте бай. Малға азық болып табылатын өсімдік түрлері мен олардың атауларына байланысты сөздер де соншалықты мол екендігінде күмән жоқ. Олай болса, ең басты мәселе – сол бай өсімдік атауларының қыр сырын, жай-жапсарын жан-жақты біліп, жете тану. Ол үшін, бірінші кезекте, өсімдік атауларына байланысты мынандай айрықша белгілер мен басты ерекшеліктерді көңілге түйіп, көкейде ұстаған абзал.

Әдетте өсімдік пен жеміс-жидектің дәнін, тұқымын, түйнегін бір-ақ атпен атайтындығы белгілі. Мәселен, долана деп, ең алдымен, балалар жақсы көретін домалақ келген қызғылт

сары түсті, кішірек сүйекті жемісті, содан кейін осы жеміс өсетін ағашты түсінеміз. Алма, алмұрт, анар, өрік, шабдалы, шие, шетен, қармыған, күрмек, күріш, т.б. өсімдік атаулары туралы да осылай атуға болады.

Өсімдіктерде халықтың атауымен аталатын түрлер көп. Бұлар негізінен дыбысталуы жағынан құлаққа жатық, халықтық сөздер болып табылады. Мысалы; құсқонбас, тамырбаяу, козықұйрық, иттеген, ақтаспа, шайшөп, сиырсілекей, сасыр, т.б. Әрине, ғылыми атаулардың халықтық атаулардан едәуір айырмашылықтары болады. Егер халықтық атаулар жұмсалуды жағынан жиі, қолданылуы жағынан еркіндеу, сан тұрғалы, кең мағыналы болып келсе, ғылыми атаулар – белгілі бір жүйемен жасалынып, бір ғана тұрақты тұлғада айтылатын, негізінде бір ғана мағынада жұмсалып, тек ғылыми әдебиеттерде ғана қолданылатын атаулар. Мысалы: Ақ желкек (хрен), ақжелкен (петрушка), жалынгүл (горичвет), інжугүл (ландыш), жұпаргүл (душица) т.б. Біз де ою-өрнектерге ғылыми атауларын қолдана отырып, өсімдіктер туралы біраз мәліметтерді оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік.

1. Орманда өсетін өсімдіктерге ағаштар да жатады. Оларға: қарағай, қайың, тал, акация, үйінкі, бал қарағай, сағыз қарағай, жапырақты орманды, тоғайлы ағаштар, қандыағаш, зейтун ағашы, грек жаңғағы, орман жаңғағы, жөке – липа, емен, шырша, арша, ырғай, шетен, бәйтерек, ақтерек, көк теректі тоғай, діні қатты ағаштар жатады.

2. Бау-ақшада өсетін өсімдіктер: алма, алмұрт, өрік, қара өрік, шие, алхоры, шабдалы, алша, қарақат, жүзім, жаңғақ, т.б.

3. Жеміс жидектер: жиде, қарамық, көк жидек, мүк жидек, қарлыған, қожақат, сүйек жеміс, ит бүлдірген, таңқұрай, бүлдірген, т.б.

4. Көкіністер: қырыққабат, қызанақ, қияр, қызылша, сәбіз, көді, ақжелкек, сарымсақ, бұрыш, т.б.

5. Дәнді дақылдар: бидай, арпа, сұлы, тары, жүгері, қарақұмық, жасымық, ноуқат, ловия, қармық, теріскен арпа.

6. Емдік шөптер: ақ жұпар, бөте жусан, беде, түймедақ, түймешетен, шайқұрай, жұпаргүл, киік оты, інжіргүл, қалақай, өгөйшөп, жол-желкен, т.б.

7. Ұлы шөптер, қос иісті, алуан түрлі көздің жауын алатын әдемі гүлдер.

8. Үйде өсетін өсімдіктер: кактус, орхидей, фиалка, шегір гүл, фикус, раушан гүлдер, коңыраубас, гибридті ахименес, қанқызыл валлоха, ірі гүлді стапелия, т.б. Емдік қасиеті бар өсімдіктер. Гүлді өсімдіктер, т.б. жатады. Табиғаттың жаратылысын қойсаңшы, өсімдіктен жан-жануарлар, жабайы аңдар, құстар пана тауып, оны өздеріне қорек етеді. Табиғаттың мұндай байлығын паш етпей, құрметтемеу мүмкін емес. Осындай өсімдіктерді ою-өрнекке салып, қазақы нақышпен әрлеп, өрнектеп беруде біраз еңбек сіңірдік десек те болғандай.

Табиғатта көрсе көз тоятын тамаша құбылыстар өте көп. Тамаша көріністерді көрсете білу суретшінің өткір қиялының шеберлігінен шығады. Сондықтан да, өсімдіктерді қазақтың ою-өрнегіне салып, оның кескінін бере отырып, әдемілігін, өмірде пайдасы мол екендігін айта отырып, тамаша көріністерді өрнектеуге тырыстық. Оны әдемі өсімдіктер әлемінен тауып, үйлесімді бейнесін бейнеледік. Қазақтың ою-өрнегіне сәйкестікті, көркемдікті таба отырып, құрастырып тұжырымды ойлар бердік.

Өсімдіктерді ою-өрнекте оқып үйренуде әжелерімнің айтқандарын жадымда сақтауға тырысқан едім. Мәселен, ақ қайын – бойжеткен қыздың бейнесі. Көктерек (немесетерек) – ер жігіт. Бәйтерек – өсіп-өнген ақылды адам. Өрік (Абрикос) – жемісті еңбекті көрсетеді. Алқор ағашы – өз бақыттыңды ұстай біл деген мағынаны білдіреді. Алма ағашы – перзент. Алмұрт – мал мүлік, анар – тілектің орындалуы. Ара – көп еңбегің табыс әкелмек. Арпа – байлық, молшылық. Асқабақ – ауруға шипа. Әдемі гүл – мәртебеңнің артуы. Бақша – ұзақ өмір. Банан – ақша. Бидай – қуаныш, молшылық. Гүлденген бақша – кемел болашақ.

Дала гүлдері – қуаныш. Дән – келер ұрпақ. Жаңғақ – қазынадағы мол мүлік, молшылық. Жасыл пияз – қиыншылықпен келетін табыс. Жасымақ – денсаулық. Жеміс ағаштары мен гүлдермен безендірілген бақша – қайыры мол іс. Жеміс жидек – мол ризық, пайдалы іс, таусылмайтын білім. Жиде ағашы – әдептілік, кішіпейілдік, баршаға жақсылық істеу. Жұпар иісті гүл – шынайы достық. Жүгері – дәулетті болуды білдіреді. Қырыққабат – каталдық. Картоп – мал мүлік. Көктем гүлі – ризық. Күннің жарқырап тұрғаны – бейбітшіліктің белгісі. Қалампыр – махаббат. Қамыс – теріс пиғылды адам. Қарбыз – қуаныш. Қауын – жұмыссыздық. Құндыз – сүйіспеншілік. Құрма – адал ризық. Қызыл гүл – әдемілік. Қызылша – денсаулығына көңіл бөл. Қына – әдемілік. Лимон – айыптау, кінә арту. Лимон ағашы – кемғабылға жәрдем беру. Мақта – байлық, табыс. Орман – молшылық пен берекет. Пияз – жаманшылық, сарыуайым, реніш. Қызамық – қуанышқа бөлейтін хабар. Сәбіз – қиын істі істеуге бел буып, оңай бітіру. Си-ренъ – балалы әйел. Тары – егіншілік. Шие – адал табыс. Тоғай – үлкендермен араласу, халық санының көбейюі. Хош иісті шөп – шыншыл іс. Шырша – ізгі іс бастау.

Ендеше, ою-өрнекті оқып, түсіне білу де оңай емес. Оны көзбен көріп, іштей сезіну керек. Өйткені, ою-өрнекте айтылатын ойлар түрлі иірімдермен астасып, өте нәзік кескіндермен бейнеленіп өрнектеледі. Өрнекте түрдің сипатына көп мән беріледі. Жылы түрлер жылулық сыйласа, суық түрлер каталдықты, төзімділікті, сабырлықты талап етеді. Ою-өрнектің қасиеті – әдемі көріністі көрсете отырып, көңіліңді шаттыққа бөлейді, рухани азық ретінде жан семіртеді. Болжау, пайымдау, қиын жолдың шешімін табу сияқты көптеген мәселені ою-өрнекке қарап та отырып шешуге болады. Ою-өрнек ойлау қабілетінді арттырады, талғамыңды жоғарылатады, ақылыңа ақыл қосады. Көру, есте сақтау қабілетінді арттырды, ой өрісінді кеңейтіп, ұлттық нәр береді.




Алма “Апорт”




Алма




Алмұрт



Қызыл таңқұрай




Қара қарақат




Алма бағы




Тырысқақ гүл



Тырысқақ гүл



ҚЫЗЫЛ ШИЕ




Құлпынай




Сабдалы



Лала гүл



Балдырған шөп




Киік оты



ҚЫЗҒАЛТАҚ



Қара бүлдірген “Қожақат”



Шоңайна шөп




Түйе жоңышқа



Қастауыш



Ат жарған шөп




Қамыс құлақ



Қамыс құлақ



Қастауыш



Киік оты



Шие



Пальма ағашы




Ауған шөп



Жүзім



Ақсақ мүйіз шөп



Шоңайна шөп



ЛИМОН



АҚ ТҮТ



АЖЫРЫҚ ШӨП



Шеңгел шөп



Қызғалтақ пен бәйшешек



Қызғалтақ пен бәйшешек



Гүл атқан бақ



Алмұрт




Көкжидек



Кактус



Кактус




Мөлдір жапырақ




Мөлдір жапырақ



Шайкүрай




Балдырған шөп



Орман



Жасыл желек



Жасыл желек




Дермене шөп




Арша




Бақыт гүл



Гүлді кілем



Гүлді кілем



Тоғай



Тоғай



Батпақ мия шөп



Жеміс жидек



ҚЫЗҒАЛТАҚ



Ауған шөп




ҚЫЗЫЛ өрік




Раушан гүл



Раушан гүл



Имбирь (зімбір)



Алқоры



Қарлыған




Қарлыған




Бәйшешек




Бәйшешек



Итмұрын




Күміс гүл шөп



Теңге жапырақ



Таугүл




Бақыт гүл




Ақ тұт




Тау сарымсақ



Жүзім



Бөтө жусан




Бөтө жусан



Түйе жоңышқа



Жауқазын шөп



Шеңгел шөп



Ақ жұпар




Ақ жұпар




Мақта




Ноқат




Ноқат




Лала гүл



Марал шөп




Марал шөп



Қызылша



Шырмауық



Шырмауық



Түйе табан шөп



Ақ тікен шөп




Арша




Арша



Жаужапырақ



Жаужапырақ



Теріс қақпай шөп



Теріс қақпай шөп



Ловия

ТАБИҒАТ СЫЙЫ

МАЗМҰНЫ

Алма «Апорт».....	6
Алма	7
Алмұрт	8
Қызыл таңқұрай	9
Қара қарақат	10
Алма бағы	11
Тырысқақ гүл.....	12
Тырысқақ гүл.....	13
Қызыл шие	14
Құлпынай	15
Сабдалы.....	16
Лала гүл.....	17
Балдырған шөп	18
Киік оты	19
Қызғалтақ.....	20
Қара бүлдірген (Қожақат)	21
Шоңайна шөп	22
Түйе жоңышқа.....	23
Қастауыш	24
Ат жарған шөп.....	25
Қамыс құлақ	26
Қамыс құлақ	27
Қастауыш	28
Киік оты	29
Шиe.....	30
Пальма ағашы.....	31
Ауған шөп	32
Жүзім.....	33
Ақсақ мүйіз шөп.....	34
Шоңайна шөп	35
Лимон	36
Ақ тұт	37
Ажырық шөп	38
Шеңгел шөп	39
Қызғалтақ пен Бәйшешек.....	40
Қызғалтақ пен Бәйшешек.....	41
Гүл атқан бақ	42
Көк жидек	43
Алмұрт	44
Кактус.....	45
Кактус.....	46
Мөлдір жапырақ.....	47
Мөлдір жапырақ.....	48
Шайқұрай.....	49
Балдырған шөп.....	50
Орман	51

Жасыл желек.....	52
Жасыл желек.....	53
Дермене шөп.....	54
Арша.....	55
Бақыт гүлі.....	56
Гүлді кілем.....	57
Гүлді кілем.....	58
Тоғай.....	59
Тоғай.....	60
Батақ мия шөп.....	61
Жеміс жидек.....	62
Қызғалтақ.....	63
Ауған шөп.....	64
Қызыл өрік (Абрикос).....	65
Раушан гүл.....	66
Раушан гүл.....	67
Имбирь (Зімбір).....	68
Алқоры.....	69
Қарлыған.....	70
Қарлыған.....	71
Бәйшешек.....	72
Бәйшешек.....	73
Итмұрын.....	74
Күміс гүл шөп.....	75
Теңге жапырақ.....	76
Таугүл.....	77
Бақыт гүлі.....	78
Ақ тұт.....	79
Тау сарымсақ.....	80
Жүзім.....	81
Бөте жусан.....	82
Бөте жусан.....	83
Түйе жоңышқа.....	84
Жауқасын шөп.....	85
Шеңгел шөп.....	86
Ақ жұпар.....	87
Ақ жұпар.....	88
Мақта.....	89
Ноқат.....	90
Ноқат.....	91
Лала гүл.....	92
Марал шөп.....	93
Марал шөп.....	94
Қызылша.....	95
Шырмауық.....	96
Шырмауық.....	97
Түйе табан шөп.....	98
Ақ тікен.....	99
Арша.....	100

Арша.....	101
Жаужапырақ.....	102
Жаужапырақ.....	103
Теріс қақпай шөп.....	104
Теріс қақпай шөп.....	105
Ловия.....	106

Айшакуль Байболдиева
Құралай Оспанова
Алия Оспанова

ТАБИҒАТ СЫЙЫ

Художники-дизайнеры: *Оспанова Құралай, Садакбаев Дулат*

Дизайн обложки *Оспанова Құралай*

Верстка *Татьяна Макарова*

ISBN 978-601-06-2590-7



Подписано в печать 25. 04. 14. Формат издания 60x84 1/8

Офсетная печать. Гарнитура «Times». Тираж 500 экз.

Печ. л. 14. Заказ 12. Цена договорная

Отпечатано в ТОО «VTSpaper»

Тел.: 327 57 16, 327 45 47